

**С. С. Түсіпбеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

## **АНГЛИЯНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУІНДЕГІ БІРҚАТАР ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

*Аннотация. Аталмыш мақалада автор англосаксондық елдердің тәжірибелерін салыстырмалы талдау шеңберінде алдын-ала тергеу сатыларының бірқатар мәселелі жақтарын қарастырған.*

*Түйін сөздер. Конституциялық құқық, қылмыстық құқық, адам құқығы, полиция, құқық қорғау органдары, қылмыстық іс жүргізу құқығы, қылмыстық заңнама.*

Еуропа елдерінде қылмыстық істі қозғау сатыларына аса көп көңіл бөлінбейді, нақтырақ айтсақ, мұндай сатылар мүлде қарастырылмаған. Мысалы, «қылмыстық істер бойынша өндіріске қатысушы ағылшын заңгерлеріне қылмыстық істі қозғау сатылары және алдын-ала тергеу сатылары секілді арнайы ерекше және өзіндік арнайы міндеттері бар сатылар жоқ»<sup>1</sup>.

Англосаксондық отбасы елдерінде «полицияның алғашқы тергеу әрекеттері: сезіктілер, жәбірленушілер, куәгерлерді ұстау және жауап алу, тінту, кінәлілігін дәлелдейтін ақпараттар жинау»<sup>2</sup> қызметтерін атқарады. Сонымен қатар, Англияда полиция атқарушы билік органы болып табылады және олардың қылмыстарды тергеумен байланысты процессуалдық шешімдерді өз бетімен қабылдауға өкілеттігі болады. Қазақстандық қылмыстық процестен айырмашылығы, мұнда сезіктіні ұстау, тінту жүргізу, процеске қатысушылардан жауап алу және т.б. істер туралы тергеу барысында қаулыны заңмен

өкілдік берген, тек тергеуші (анықтаушы) ғана тәуелсіз процессуалдық шешім шығара алады. Полиция қызметкерлерінің мұндай қызметтерге өкілеттігі болмайды, олар жекелеген жағдайларда тек тергеу жүргізуші тұлғаның тапсырмасы бойынша атқарушы болып табылады.

Англияның қылмыстық іс жүргізу тарихында көрсеткендей: «сот талқылауына қылмыстық істер материалдарын дайындаумен айналысатын полиция немесе басқа да органдардың сотқа дейінгі әрекеттері көбінесе әкімшілік-құқықтық (полицейлік) қатынастар саласындағы заңдармен, әсіресе, ведомстволық органдар шығарған, заңға бағынышты түрлі актілермен регламенттеледі»<sup>3</sup>.

Қазақстандық қылмыстық-процессуалдық заңнамаларда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметтері Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормалары негізінде реттеледі, бірақ қазір де бұрынғыдай процестің түрлі сатыларында өкілетті тұлғалардың әрекеттерін мұқият регламенттейтін, ведомстволық актілердің бірқатары қызмет етеді.

Ағылшын полициясының қызмет ету тарихын қысқа уақытта салыстыра қарағанда, олар өздерінің есебін ХІХ ғ. бірінші жартысынан бастап жүргізеді «Ағылшын заңнамаларында полицияның қылмыстар туралы материалдарын жинау бойынша қызметтері регламенттелмеген»<sup>4</sup>. Бұдан қорытынды, тыңшы түрлі органдардан қажетті ақпараттар туралы ресми немесе жазбаша мәліметтер сұрамайды. Бұл тек бізде ғана жүзеге асырылуда, яғни, Қазақстандағы полиция қызметкерлері қылмыстық істі қозғаған сәттен бастап тергеушіге қыруар әртүрлі құжаттарды береді. Англияда процестегі тараптардың бәсекелестік қағидасы қызмет жасайды, яғни, онда «сотқа тікелей қатысушы тараптардың мүдделі дәлелдемелері ұсынылады»<sup>5</sup>. Әрине, бұл полиция қызметін мейлінше жеңілдетеді, ол егер қажет деп тапқан жағдайда, қандай да бір ақпараттарды сұрап алдыруы мүмкін, бірақ, оны мәлімдемемен сол құжатқа мазмұндауға немесе іс материалдарына тіркеуге міндетті емес.

«Полиция қылмыс айғақтарын анықтап, процессуалдық нысаннан тыс айғақты мәліметтер жинай алады және оны нақты бір тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартуға процессуалдық көндіру шараларының қажеттілігін сотта дәлелдеу үшін керек болуы мүмкін»<sup>6</sup>.

Мұнда полиция қызметкерлерінің әрекеттеріне деген құрмет тудырады және олардың нақты қызметтері: қамауға алушының сол немесе өзге де құқықбұзушылық әрекеттерін дәлелдеуге бағыттау болып табылады. Егер сот тұлғаның кінәлілігіне сенімді болған жағдайда оған соңғы процессуалдық көндіру шараларын қолданады, керісінше, прокурор материалды өңдеу үшін жібереді. Жасалған қылмыс айғақтары бойынша қылмыстық істі ешкім де қозғамайды, сондықтан «полиция — айыптау субъектілерінің бірі ғана болып табылады»<sup>7</sup>.

Англияда қамауға алынған тұтқындалушыны ұстау мерзімі көрсетілмеген, сондықтан да «полиция қызметкері тұтқындалушыны соттың бұйрығынсыз сотқа жеткізе алады, яғни бұл, «мейлінше тез, әрі мүмкіндігі көп»<sup>8</sup> (1952 ж. Магистраттар соттары туралы заң. 38 (4) бап.).

Біздің елде полиция қызметкерлері кінәліні сезікті немесе айыпты деп тану үшін соңғы дәлелдемелерді ұсынудан бас тарту, сұрақтарға жауап бермеу, басқа да тәсілдермен тергеуге әрекет жасамау және т. б. сондай істер көрініс берсе жеткілікті болып табылады. Бұл қазақстандық заңнамалардың, оның ішінде, ҚР Конституциясының 77-бап «ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес» нормаларына қарама-қайшылық болып табылады.

Ағылшындық қылмыстық іс жүргізудің қазақстандықтан айырмасы екі тарауға — алдын-ала (сотқа дейінгі) тергеу және соттағы талқылаулар болып бөлінбейді. Сонымен қатар, тағы да бір ерекшелігі «ағылшындық сотқа дейінгі өндіріс алдын-ала тергеумен емес, континенталдық анықтаумен салыстырады»<sup>9</sup>.

Англияда полицейлік тергеудің өзіндік ерекшелігі «сотқа дейінгі өндіріс кезеңі барысында полиция жасалған қылмыс туралы ақпаратты алып, оны жасаған тұлғаны анықтауға бағытталған әрекеттер жасайды, аталған тұлғаға қарсы айыптау дәлелдемелерді жинақтайды, сондай-ақ, оған қажеттілігіне қарай процессуалдық көндіру шараларын қолданады»<sup>10</sup>.

Осындай себептермен, полицияның барлық қызметі қылмыс жасаған тұлғаны анықтауға және оған қарсы дәлелдеу базаларын жинауға бағытталады. Қазақстанда барлық қылмыстар қалыптасқан дағдылар бойынша тергеледі: материалдар жинау барысында хаттамалар мен актілер құрастырғанда қателеспейді, куәлардың қатысуын қамтамасыз етеді, осының бәрі қылмыскердің жеке басын анықтаудан гөрі, қағазға жазылған айғақтар маңызды сияқты көрінеді.

Ағылшындық полицейлер мейлінше жұмысына бейімді, бәрібір біз оның жұмысын үстіртін қарап өтсек те, олардың барлық жұмыстары маңызды бағытталған: олар өздерінің максаттарын көреді, сондықтан олардың қызметтері мейлінше тәжірибелік көзқарастан тиімді болып табылады. Заң ағылшындық полицейлер үшін ықшамды, «полиция қызметкері өзін лауазымды тұлғадан гөрі тыңшымын деп есептейді, сондықтан да қылмыстық істерді тергеуде жауапты процессуалдық шешімдерді дербес

## ТҮСІПБЕКОВ С. С. АНГЛИЯНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУІНДЕГІ БІР ҚАТАР...

өзі қабылдайды, өзінің күнделікті қызметінде заңдарға емес, негізінен ішкі істер министрлігінің тікелей басшылығымен үнемі түзеттіріліп отыратын, ведомстволық актілермен шығарылатын, тәжірибелік ережелердің жинақтарына, нұсқауларына және т.б. сүйенеді»<sup>11</sup>.

Мұның бәрі полиция қызметінің мейлінше тиімді әрі тәжірибелі екендігін көрсетеді. Заңнама нормалары жоғары лауазымды тұлғалардың, ал ведомстволық актілер полиция қызметінің ережелерін толық әрі дәл анықтайды, нақтырақ айтсақ, полиция қызметкерлерінің әрекеттерін сол немесе өзге де жағдайларда нақты реттейді.

Қорыта келгенде, салыстырмалы түрде жүргізіліп отырған қазақстандық қылмыстық іс жүргізу мен Англияның іс жүргізуі бірқатар айырмашылықтар мен өзгешеліктердің тиімді тәжірибелеріне көз жеткіздік. Бұдан шығатын қорытынды, қазақстандық полиция қызметінде осындай тәжірибелерді електен өткізіп, өз мақсатына жұмсап отырса, өз нәтижелерін береді деген пікірдеміз.

<sup>1</sup> Гуценко К. Ф., Головкин Л. В., Филимонов Б. А. Уголовный процесс западных государств. — М., 2001. — С. 45.

<sup>2</sup> Булатов Б. Б., Николюк В. В. Уголовный процесс зарубежных стран. — Омск, 1999. — С. 6.

<sup>3</sup> Гуценко К. Ф., Головкин Л. В., Филимонов Б. А. Указ. раб. — С. 44.

<sup>4</sup> Сергеев А. Б. Предварительное расследование в европейских странах и США. — Челябинск, 1998. — С. 34.

<sup>5</sup> Бұл да сонда.

<sup>6</sup> Гуценко К. Ф. Уголовный процесс основных капиталистических государств. — М., 1969. — С. 72.

<sup>7</sup> Сергеев А. Б. Указ. раб.

<sup>8</sup> Гуценко К. Ф. Указ. раб. — С. 73.

<sup>9</sup> Гуценко К. Ф., Головкин Л. В., Филимонов Б. А. Указ. раб. — С. 99.

<sup>10</sup> Бұл да сонда.

<sup>11</sup> Бұл да сонда — С. 100.

### **Резюме**

В статье рассмотрены некоторые проблемные моменты стадии предварительного следствия в рамках сравнительного анализа опыта англосаксонских стран.

### **Resume**

In the given article are investigated some problem moments on the stage of preliminary investigation in the frame of comparative analysis of experience of Anglo-Saxon countries.